

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.II, Ч.I. – Б.113-115

## **ҚОЙ ФАСЦИОЛЕЗИНЕ ҚАРСЫ ҚОЛДАНАТЫН ПРЕПАРАТТАРДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ**

*Базар Ж., 5 курс студенті С. Сейфуллин атындағы  
Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан*

Жануарлардың фасциолезі – Fasciolidae тұқымдас сорғыш құрттардың өт жолдарын- да тоғышарлығынан бауырдың және т.б мүшелердің қабынуымен сипатталып, жіті неме- се созылмалы ағымда өтетін ауру.Фасциолезге 40-тан астам сүтқоректілер түрлері бейім келеді, бірақ көбінесе қой, ешкі, ірі қара мал, түйе; біршама сиректеу шошқа, жылқы, бұғылар, қояндар, және басқалар зақымданады [1]. Соңғы жылдары осы аурудың адам- дарды залалдау қаупі жоғарылау тенденциясы әлемнің түрлі елдерінде сипатталады [2].

Қоздырушылар бауырдың өт жолдарынан басқа, өкпе, жүрек, лимфа түйіндері мен ұйқы безінде тоғышарлық күнелтеді. Адолескарий шөппен организмге еніп миграция кезінде көптеген ұлпаларда табылады.

Аталмыш ауру айтарлықтай шығын келтіреді. Сиырларда сүт өнімділігі 25-40%-ке кемиді, қарқынды инвазиядан буаз сиырлар мен қойларда іш тастау байқалады, ет пен жүн сапасы нашарлап, ауру аналықтардан әлжуаз төлдер туады. Жайылымдық фасциола- мен залалдануына байланысты бауырдың тағамдық сапасы төмендейді, жарамсыз болып қалады [3].

Фасциолез ауруының жіті сатысындағы өлім-жітімнің жоғары болуына және қойлардың өнімділігін жоғалтуына байланысты Батыс Қазақстан облысына айтарлықтай экономикалық залал келтіруде, сондықтан жыл сайынғы жүргізілетін жоспарлы дегельминтизациялардың сапасы ерекше өзектілікке ие болып отыр.Облыс аумағында Жайық және Еділ өзендері бойында мал жаю үшін шалғынды жерлерді пайдаланатын мал шаруашылықтары бар, мұнда фасциолез күрделі проблема болып табылады, бұл жаңа тиімді құралдарды енгізе отырып, жүргізілетін іс-шараларды жетілдіру қажеттілігін көрсетеді [4].

Осыны ескере отырып, қойдың фасциолезімен күресу үшін "АгроВетЗащита" ЖШҚ фирмасы ұсынған Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтарында пайдаланылатын препараттардың тиімділігіне салыстырмалы бағалау жүргізу мақсаты қойылды.

Материалдар мен әдістер. Препараттардың тиімділігін сынау 2021 жылдың қаңтар- наурыз айларында Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданының қолайсыз шаруашылығы жағдайында жүргізілді, онда жазда өзен жағасындағы жайылымдарында азықтандырылған 75 қой біртіндеп шаю әдісімен зерттелді. Зерттеу нәтижелері бойынша дене салмағы 40- 50 кг фасциолалармен өздігінен инвазияланған 20 қой іріктелді. Тәжірибелік жануарларды әрқайсысы 10 бастан екі топқа бөліп, нөмірленді және ұқсас жағдайда ұсталды.

Бірінші топтағы қойларға альбен түйіршікті түрі берілді, оның белсенді заты (БЗ) альбендазол болып табылады, дозасы 5 мг/кг салмағына азықпен бірге, бір рет берілді. Екінші топтағы қойларға ішке, азыққа араластырып, бір рет құрамының 1 г-да БЗ 70 мг оксиклозанид және 200 мг албендазолы бар гельмицид препаратының түйіршікті дәрілік түрі 0,75 г/10 кг дозасында берілді. Өңделген қойларға препараттарды бергеннен кейін бес күн бойы клиникалық бақылау жүргізілді.

Фасциолға қарсы тағайындалған дірі-дәрмектердің элиминативті белсенділігі экстенсивтік тиімділігі (ЭЭ) бойынша емдеуден кейін 30 күн өткен соң жануарлар нәжісінің сынамаларын зерттеу деректері бойынша анықталды.

Зерттеу нәтижелері. Малдың фасцилезіне қарсы көптеген дәрілер пайдаланылады. Клозантелден тұратын препараттар (роленол, клозатрем, клозанекс, т.б.), клорсулон, аце- мидофен, белсенді әсер етуші заты заты оксиклозанидтен тұратын фаскоцид препараты, фазинекс – триклабендазол және т.б. препараттардың эффективтігі жоғары болып табылады. Мал фасцилезіне қарсы басқа да тиімді антгельминтиктерді қолданады: гельмицид, битионол, урсовермит (рафоксанид), фасковерм, т.б. Шаруашылықтың жағдайына жағдайына қарай, дегельминтизацияны өткізіп болған дәріленген малды бірнеше күн қорада немесе су қоймаларынан қашық құрғақ жерде бағып күткен жөн, қи-тезегін жи- нап, көң сақтау орнына апару керек.

Аурудың алдын алу үшін белгілі жоспар бойынша, дәрігерлік нұсқауларға сәйкес профилактикалық дегельминтизацияны екі рет жүргізеді. Бірінші рет малды өріске шығарған кезден 10-15 күн бұрын дәрілейді, екінші рет – жайылым маусымы аяқталған кезде. Дәрі барлық өрістес малды қамтылуын қамтамасыз ету керек. Бұл әрекет мал қорада, не айналасы қоршаған аулада атқарылады [5].

Зерттеу барысында қойлар альбен мен гельмицид қосылған құрама жеммен толық азықтанды және уақыт мерзімі берілген сәттен бастап 15-20 минутты құрады. Ем- деу кезеңінде және келесі бес күні емдік заттардың дәріленген және дәріленбеген жануарлардың клиникалық жағдайына жанама әсерлері болған жоқ.

Копроскопиялық зерттеулер бойынша бірінші топтағы альбен түйіршіктерінің ұсынылған дозасымен емделген 10 қойдың үшеуі фасциоладан сау, яғни ЭЭ 30% құрады.

Гельмицидпен өңделген 10 жануардан тұратын екінші топта жеті қой фасциоладан сау болды, яғни, ЭЭ 70% құрады.

Алғашқы емдеуден 15 күннен соң екі топтағы залалданған жануарлар сынақ препа-раттарымен қайта дегельминтизациядан өтті. Бірінші топтағы қойларға альбен түйіршігі 8 мг/кг дейін ұлғайтылған дозада, екінші топтағы жануарларға – гельмицид 0,8 г/10 кг дейін ұлғайтылған дозада бір рет ішке берілді. Қайта емдеу нәтижелері копроскопиялық зерттеулерге сәйкес 30 күннен кейін анықталды. Бірінші топта жұқтырған 7 қойдың 6-ы фасциоладан, ал екіншісінде барлығы, яғни үшеуіде оң нәтиже берді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, қой фасциолезіне қарсы түйіршікті альбеннің ұсынылған дозасының экстенсивтілігі 30%-ды құрады, ал екінші рет ұлғайтылған дозасымен емдеуден кейін ЭЭ 90%-ға тең болды. Фасциолез кезінде гельмицидтің ұсынылған дозасы 70% ЭЭ қамтамасыз етті, ал қайта емдеуден кейін барлық жануарлар фасциолдан (ЭЭ) 100% сауықты.

### Әдебиет тізімі

- 1.Филлипов В.В. Эпизоотология гельминтозов с.х.животных. – М., 1988. – 220 с.
- 2.Valderrama P.A., Serrano R. D., Trujillo C.J. et al. Breeding of domestic animals as a risk factor for human fascioliasis//Revista de investigacionesveterinarias del Peru. – 2019. – V.30(2). – P.864-874. DOI10.15381/rivep.v30i2.16083
- 3.Архипов И.А. Антгельминтики: фармакология и применение. – М., 2009. – 406 с.
- 4.Бердікұлов, М.А., Үсенбаев, А.Е., Жаңабаев, А.А.т.б. Ірі қара мал паразиттері. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: С.Сейфуллин ат.ҚазАТУ баспасы, 2021. – 124 б.